Біздің еліміздегі саяси партиялардың қоғаммен қарым-қатынасын сайлау мерзіміндегі дауыс беру процесінен де байқауға болады. Қазақстан азаматтарының сайлауға қатыспауын анықтау күрделі мәселе екені ғалымдарды толғандыруда. Сайлауға қатыспау процесі басқа да елдердің тәжірибелерін де орын алатын қалыпты жағдай. Сол себепті сайлауға қатыспаудың нақты бір анықтамасы мен дәлелі жоқ. Дегенмен, сайлауға қатыспау арқылы біріншіден, мемлекет азаматтары өздерінің билікке деген қарсылығын көрсетсе, екіншіден, өз дауыстарының саяси шешім шығаруға ықпал ететіндігіне сенімсіздікпен қарайтындығын да анықтайды. Демек, сайлауға қатыспау демократиялық ұстанымдарды нығайтуға бет бұрған елдер үшін қауіп тудыратын жағдай деуге де тұрарлық. Заң шығару процесіне де азаматтық қоғам ұйымдары ықпал ете алуы тиіс. Тек сол кезде қоғам мен билік арасындағы екіжақты тиімді өзара байланыс орнайтындығына сенім қалыптастырады.

Дәл қазіргі таңда еліміздегі азаматтық қоғам институттарына жататын тағы бір ұйым — Қазақстан азаматтық альянсын айтуға болады. Қазақстан азаматтық альянсы еліміздегі 500-ден астам үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіріп отырған республика деңгейіндегі үлкен бір бірлестік болып табылады. Ұйымның мақсаты — қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың мүдделерін қорғау және білдіру, түрлі деңгейде — бизнес құрылымдар, әкімшіліктер, Үкімет, Парламент, халықаралық ұйымдарға олардың мүдделерін жеткізу. Сонымен қатар еліміздегі жемқорлықпен күрес, үкіметтік емес ұйымдар желісін көбейту, Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың байланыстарын күшейту және үкіметтік емес ұйымдардың корпоративтік этикасын дамытумен шұғылданады. Бұл ұйымның қызметі соңғы кезде жанданып келе жатқандығын күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерінен байқауға болады. Мәселен, Қазақстан азаматтық альянсының әр қалаларда өткізген форумдары мен ондағы күн тәртібінде көтерілген өзекті мәселелер, азаматтық қоғам мүдделерін білдіреді. Дегенмен, ұйымның қызметін әліде болса жандандыру шаралары қажет. Сонда ғана бізде азаматтық қоғам ұйымдарының тиімді жұмыс нәтижелерін көреміз. Үкіметтік емес ұйымдардың ішінде, елімізде қоғам мен билік арасындағы мәселені көтеретін қоғамдық-саяси бағыттағы ұйымдар аз деуге болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда танымалдыққа ие болып тұрған әлеуметтік бағыттағы ұйымдардың қызметі екені жасырын емес, соның ішінде қайырымдылық қорлары мен еріктілер одағы екендігі мәлім. Әсіресе, бүкіл әлемді пандемия жайлаған кезде, бұл ұйымдардың қызметтері жандана түсті. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың өзі 2020 жылды «Волонтерлер жылы!» деп жариялауының өзі, азаматтық қоғам ұйымдарына елімізде басымдық беріп келе жатқандығының нақты бір дәлелі екендігін көрсетті.

Мемлекетіміздегі азаматтық қоғам институттарының қызметін келешекте де белсенділігін арттыру мақсатында Тұжырымдамалар қабылданды. Онда мынадай мәселелер нақты көрсетілді:

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан халқы өзін еркіндік, теңдік және келісім мұраттарын ұстанатын, әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуды қалайтын бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғынады.

Қазақстанның негіз қалаушы қағидаттары — қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, патриотизм және мемлекет әмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленді.

Тұжырымдамада азаматтық қоғамды және оның институттарын дамыту үшін жағдайлар жасау, идеологиялық және саяси әр алуандылық пен бәсекелестікті, пікірлердің плюрализмі, азаматтық белсенділік нысандары мен әдістерінің әртүрлі болуын ескере отырып, мемлекет пен қоғамның түйінді міндеттерін толыққанды шешу мақсатында оларды талқылауға азаматтарды тарту жөніндегі шаралар бекітіледі.

Азаматтық қоғам Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде бекітілген пікір білдіру және бейбіт жиналыстар еркіндігі құқықтарын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет құрудың негізгі шарттарының бірі бола отырып, мемлекетпен және бизнеспен тең құқылы әрі сындарлы әріптестікке негізделуге тиіс [6]. Сондықтан, еліміздегі азаматтық қоғамды дамыту мақсатында әртүрлі шаралар жүргізілуі қажет. Ол еліміздегі реформалармен қатар жүргізілсе тиімдірек болып табылады. Қоғамдағы азаматтардың билікке ықпал ете алатындығына және билікті қоғамның пікірімен санаса отырып қалыптастыра алатындығына сенімді қалыптастыру үшін еліміздегі азаматтық қоғам институттары дұрыс қызметтер атқаруы тиіс. Азаматтық қоғам бір кезеңде қалыптасып кететін процесс емес, оның қалыптасуы мен дамуы ұзақ кезеңдерден тұратын күрделі процесс. Осыған орай, еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуын біз мынадай кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

Бірінші кезең, 1991–2000 жылдар азаматтық қоғам ұғымының Қазақстандағы алғашқы қадам басқан кезеңі. Демократиялық принциптерді ұстана отырып, жаңаша бағыттардың заңдық базасының қалыптасуы.

Екінші кезең, 2000–2010 жылдар аралығы. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарын жандандыру кезеңі. Әртүрлі қайырымдылық қорлары мен бизнесті дамытуға бағытталған бірлестіктер мен ұйымдардың қалыптасуы.

Үшінші кезең, 2010–2021 жылдар аралығы. Азаматтық қоғамды дамытудың жаңаша бағдарламалары мен тұжырымдамаларын қамтиды. Мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарды қолдауы, бірлестіктер саны мен сапасының арту кезеңі.

Билік пен азаматтық қоғам бірін-бірі өзара толықтыратындықтан, олардың ынтымақтастығы мынадай өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделуге, бірақ олармен шектелмеуге тиіс:

- қоғамның экономикалық, саяси және идеологиялық плюрализмін мемлекеттің тануы;
- мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын ең қымбат құндылық деп тануы және оны қорғауы, мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпауы.
- мемлекеттік органдар азаматтардың және олардың бірлестіктерінің конституциялық тәртіп шеңберінде өз алдарына дербес мақсат қою және өз қызметін басқару құқығын құрметтейді;
- азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара міндеттері мен жауапкершілігінің болуы. Қоғамдық мүдделер пайдасындағы қызмет азаматтар бірлестіктерінен де, мемлекеттік органдар институттарынан да ашықтықты, жауапкершілік сезімін және өз қызметі мен оған жұмсалатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп беруге әзірлікті талап етеді;
- қоғам мен мемлекеттің зорлық-зомбылық және заңсыз іс-әрекеттерді пайдаланудан өзара бас тартуы;
- азаматтар бірлестіктері мен мемлекеттік органдардың орынды ынтымақтастықты жүзеге асыруға және қоғам мүдделеріне сәйкес іс-қимылдарды жақсарту үшін міндеттерді бөлуге мүмкіндік беретін әріптестігі;
- азаматтық бастаманың саяси тәуелсіздігі. Азаматтардың бірлестіктері өз қызметі бойынша заң шеңберінде еркін және тәуелсіз болып табылады. Бюджеттер және жария сектор қорлары есебінен азаматтық бастаманы қолдау кезінде саяси сипаттағы шектеулерден аулақ болу керек;
- сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, мемлекеттік органдар азаматтардың бірлестіктері қатарынан ынтымақтастық бойынша шарттық әріптестерді таңдаған, сондай-ақ жария қызметтер көрсеткен және азаматтар бірлестіктеріне өзге де міндеттерді берген кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелін жоққа шығаруға ықпал етеді [6]. Биліктен халықтың шеттетілуі, билікке деген қоғамның сенім артпайтындығын көрсетеді. Сол себептен, билік қоғаммен арақатынасты қалыпқа келтіруде кері байланыс құралдарын жеткілікті түрде пайдалануы тиіс деп ойлаймыз. Яғни, сөзден іске көшетін кезең жетті. Саясат сахнасындағы субъектілердің халықтың талап-тілектерін ескеріп, нақты шешімдер қабылдауы заңды құбылыс болып қалыптасуы тиіс. Билік пен қоғам арасындағы

арақатынас тең дәрежеде өрбіген кезде ғана, біз демократиялық принциптерді нығайтуға, азаматтық қоғамды дамытуға бет бұрдық деп айтуға болады деген ойдамыз.

Сонымен азаматтық қоғам демократиялық принциптерді ұстана отырып, мемлекеттің дұрыс бағытта дамуына ықпалын тигізеді деп нақты айта аламыз. Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамаларында көрсетілген мәселелер біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Өйткені, азаматтық қоғамды бір күнде орнату мүмкін емес мәселе. Дегенмен, азаматтық қоғамның қалыптасуы өте ұзаққа да созылмауы керек, оның дұрыс қалыптасуына әр азамат үлес қосқанда ғана тиімді нәтижелер болады. Келмеске кеткен кеңестік ұстанымдарды қолданудың қазіргі таңда еш маңызы жоқ, яғни мен билікте менің айтқаным болады емес, керісінше мемлекеттің азаматы бола отырып, оның билікке заңды түрде ықпал ете алатындығының көрсеткіші болуы керек. Қоғамдағы кез келген азамат азаматтық қоғамның қалыптасып, дамуына ықпал ете алатындығына сенімді болуы керек. Себебі, заң үстемдік ететін мемлекетте бірінші кезекте тұлғаның еркіндігі мен бостандығы, пікір алуандығы, ашықтық сияқты ұстанымдар алға шығады.

Қорытынды

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасып, одан әрі дамуына ықпал ету үшін қарапайым азаматтардың билікке деген сенімін қалыптастыру қажет болып табылады. Билік азаматтардың пікірімен санаса отырып тиімді заңдар шығарып, шешімдер қабылдайтын болса ішкі саясатта кері байланыс дұрыс бағытты қалыптастыра алады. Азаматтық қоғамда оның мүшелері мемлекеттен тәуелсіз болады деген сөз заңға қайшы келу дегенді білдірмейді. Керісінше заң үстемдік ете отырып екі тараптың бірлесе отырып жұмыстар атқаруы, азаматтық қоғамның тиімді нәтижелерін көрсетеді деп білеміз. Қазақстанда азаматтық қоғам мәселесі ғылыми жағынан құқықтық, тарихи-философиялық тұрғысынан зерттелу үстінде, саяси тұрғыдан әлі де болса да ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Отандық ғылымда азаматтық қоғам мәселесі тақырыптарына қатысты шешілмеген мәселелер өте көп. Солардың бірі, үкіметтік емес ұйымдардың әрқайсысын жеке зерделеудің өзі өзекті мәселелерден тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Азаматтық қоғам [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kk.wikipedia>.
- 2 Пугачев В.П. Введение в политологию / В.П. Пугачев, А.И. Соловьев. — М.: Аспект Пресс, 2005. — 477 с.
- 3 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 Жарлығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz>.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті Жарғы, 2005. — 192 б.
- 5 Тұрлаев А.В. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы / А.В. Тұрлаев, А.Б. Шакирова. — [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://articlekz.com/>.
- 6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 341 қаулысы. «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы — [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz>.

А.А. Иманбаева, Н.И. Ляпбаева

Проблемы гражданского общества в Казахстане

Статья посвящена становлению и развитию гражданского общества в Казахстане, а именно правам и свободам граждан в нашей стране и верховенству закона сегодня. Авторами приведены определения, цели и задачи концепции гражданского общества, а также информация об истории и этапах его становления в Казахстане. Указаны возможности, предоставляемые гражданам в гражданском обществе, и их правовые действия. В статье рассмотрены вопросы повышения эффективности институтов гражданского общества в республике. При советской системе правительство не было подотчетно народу, и общественность знала только о деятельности правительства и имела ограниченные возможности влиять на нее. А вопросы формирования и развития новой политической системы в нынешней демократической ситуации в Казахстане показывают зрелость изучения взаимоотношений общества и власти в стране. Одностороннее общение в политической системе постепенно уступает место двусторонним отношениям, то есть создаются условия для их взаимодействия в открытой работе органов государст-

венной власти и населения. Только в обществе, где правит верховенство закона, очевидно, что организации гражданского общества полностью функционируют.

Ключевые слова: гражданское общество, политические партии, профсоюзы, общественные организации, неправительственные организации, религиозные объединения, СМИ.

А.А. Imanbayeva, N.I. Lyapbayeva Civil society problems in Kazakhstan

The article is devoted to the formation and development of civil society in Kazakhstan. The topic is the rights and freedoms of the citizens of our country today, and the law supremacy. The definitions, goals and objectives of the concept of civil society, information about the history and stages of its formation in Kazakhstan are given. The opportunities provided to citizens in civil society and their legal actions are indicated. The article examines the issues of increasing the efficiency of civil society institutions in the country. Under the Soviet system the government was not accountable to the people, and the public knew only about the activities of the government and had limited opportunities to influence it. And the issues of the formation and development of a new political system in the current democratic situation in Kazakhstan show the maturity of the study of the relationship between society and government in the country. Unilateral communication in the political system is gradually giving way to bilateral relations, that is, it creates conditions for their interaction in the open work of public authorities and the population. It's clear that civil society organizations are fully functional only in a society governed by the supremacy of law.

Keywords: civil society, political parties, trade unions, public organizations, non-governmental organizations, religious associations, mass media.

References

- 1 Azamattyq qogam [Civil society]. Retrieved from <https://kk.wikipedia> [in Kazakh].
- 2 Pugachev, V.P., & Soloviev, A.I. (2005). Vvedenie v politologiiu [Introduction to Political Science]. Moscow: Aspekt Press [in Russian].
- 3 Qazaqstan Respublikasynda azamattyq qogamdy damytudyn 2006–2011 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2006 zhyly 25 shildedegi No. 154 Zharlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 25, 2006 № 154 on the Concept of Civil Society Development in the Republic of Kazakhstan for 2006–2011 — [Electronic resource] — Retrieved from <https://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. (2005). Almaty: Zheti Zhargy [in Kazakh].
- 5 Turlaev, A.V., & Shakirova, A.B. Qazaqstan Respublikasyndagy azamattyq qogamnyn qalyptasuy zhane damuy [Formation and development of civil society in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://articlekz.com/> [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2020 zhyly 2 mausymdagy No. 341 qaulysy. «Qazaqstan Respublikasynda azamattyq qogamdy damytudyn 2025 zhylyga deiingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Zharlygynyn zhabasy turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 2, 2020, No. 341. On the Draft Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Concept of development of civil society in the Republic of Kazakhstan until 2025»] — Retrieved from <https://adilet.zan> [in Kazakh].

Ә.Б. Күзембаева*, Б.М. Балаубаева, М. Абдуали

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: asiya.kuzembayeva@mail.ru; binur77@mail.ru; mado_97@inbox.ru)*

Еуропалық одақтың Орталық Азияға арналған жаңа стратегиясы: нормативті күштен орнықтылыққа ауысу

Жаңа стратегия орнықтылықты, өркендеуді және аймақтық ынтымақтастықты ілгерілетуге жаңа мән береді. Орнықтылық осы стратегияның негізгі хабарламасы ретінде пайда болды. Орнықтылық мемлекеттер мен қоғамдардың реформа жасау қабілеті ретінде қабылданады, сол арқылы ішкі және сыртқы дағдарысқа қарсы тұра алады. Орнықтылық жоғарыдан төменге қарай либералды әлемнің институттарын құру дискурсынан төменнен жоғары қарай әлеуетті арттыруды қолдау көзқарасына ауысуды білдіреді. Бұл тұрғыда дайын шешімдерден гөрі тұрақтылық жергілікті ресурстар мен тәжірибені қайта бағыттап, осылайша ынтымақтастық үшін жаңа негіз қалайды. Мақалада Еуропалық одақтың Орталық Азияға ұсынған жаңа ынтымақтастық үлгісі айтылған. Еуропалық одақтың Орталық Азияға қатысты жаңа стратегиясының қабылдануы ЕО-ның Орталық Азиядағы болмысын арттыруға тырысып жатқандығын көрсетеді. Нормалар мен құндылықтарды қайтадан алға тартумен қатар, ЕО-ның өзінің Орталық Азиядағы негізгі саяси, экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін нақты шараларды ұсына отырып алға жылжыту ниетін білдіруде. ЕО осы соңғы мақсатқа қол жеткізуде Орталық Азияның демократиялық және экономикалық тұрғыдан дамуымен байланыстырады. Бұл демократия, адам құқықтары мен заңдылықты ұзақ мерзімді тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткізудің басты құрамдас бөлігі ретінде қарастырады және бұл ЕО-ның сыртқы саясатының нормативтік сипаты сабақтастығының дәлелі.

Кілт сөздер: Орталық Азия, Еуропалық одақ, орнықтылық, нормативті күш, стратегия, демократия.

Kipicne

Бүгінгі таңда Еуропалық одақ біртіндеп біртұтас актор ретінде ортақ сыртқы саясатты жүргізе бастады. ЕО-ның сыртқы саясат стратегиясы жаһандық сипатқа ие және бұл стратегияда Азия тұтастай алғанда маңызды орын алады. Бұл тұрғыда ЕО-ның Орталық Азиядағы саясаты айрықша назар аудартады. Еуропалық одақ жақында ғана аймақта белсенділік таныта бастады, содан бері оның мақсаттары мен Орталық Азия мемлекеттерімен ықпалдасу әдістері өзгеріске ұшырады.

ЕО үшін Орталық Азия елдерімен әріптестік қатынастарды дамытудың маңыздылығы келесідей факторлармен айқындалады:

- аймақтың ЕО елдерінің энергия тасымалдаушылар импорты көлеміндегі елеулі үлесі;
- Еуропа үшін аймақ елдері өнімді өткізудің жаңа нарықтары ретінде маңызды болып табылады;
- аймақтың Еуропа мен Азия түйісінде стратегиялық географиялық орналасуы ЕО мен Орталық Азия елдерінің көлік және инфрақұрылым саласындағы мүдделерінің тоғысуын негіздейді;
- ЕО-ның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мүдделі болуы. Ауған факторы бұл тұрғыда ең маңызды болып табылады. ЕО үшін Орталық Азия елдерін Ауғанстанды тұрақтандыру процесіне белсенді қатыстыру маңызды.

Орталық Азия елдері мен ЕО арасындағы ынтымақтастық өзінің дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Егер 1990 жылдары сауда, энергетика, инвестициялар, демократиялық институттарды дамыту сияқты салаларға басымдық берілсе, 2001 жылдан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де айрықша орын ала бастады. Орталық Азия елдері 2003 жылы қабылданған ЕО-ның қауіпсіздік стратегиясында атап өтілген болатын, алайда, тек 2007 жылы қабылданған стратегияда ғана аймаққа қатысты ЕО-ға мүше елдерінің ортақ сыртқы саяси стратегиялық желісі бекітілген болатын. Содан бері Орталық Азия мен Еуропа арасындағы қатынастар айтарлықтай жандана бастады және жоғары деңгейдегі кездесулердің қарқыны жоғары болды.

Стратегия энергетика, терроризмге қарсы күрес, шекараны қорғау, білім беру, заңнама мен құқықты дамыту, адам құқықтарын қорғау сияқты салалардағы ынтымақтастықты жалпы аймақтық

**Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: asiya.kuzembayeva@mail.ru (Ә.Б. Күзембаева)*

және екіжақты деңгейде дамытуды көздеді. ЕО-мен ынтымақтастық Орталық Азия мемлекеттеріне аймақтық және ішкі саяси мәселелерді шешуге көмектесті [1]. Мазмұны бойынша ЕО білім беру, инвестициялар, экология, су проблемалары, қауіп-қатерлермен күрес секілді біздің алдымызда тұрған проблемаларды ескерді деп айтуға болады. Өзін «нормаларды таратушы» актор ретінде қарастыратын Еуропалық одақ демократиялық құндылықтарды ілгерілету ынтымақтастықты дамытудың қажетті шарты екендігіне баса назар аударады. ЕО-ның батыс саяси мәдениетінің өлшемдеріне негізделген демократиялық құндылықтарды ендіру әрекеттері аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының және саяси құрылымының, тарихи-мәдени және дәстүрлерінің ерекшеліктерін жеткілікті деңгейде түсінбеуімен сипатталады. Брюссель осы аймақ елдерінің саяси өміріне тек белгілі бір ықпал ету деңгейімен қанағаттанып, өзінің нормативтік күшінің шектеулерін мойындауға мәжбүр болды. Сондықтан 2019 жылы ЕО өз стратегиясын қайта жаңартты. Жаңа стратегия орнықтылықты, өркендеуді және аймақтық ынтымақтастықты ілгерілетуге жаңа мән береді. Орнықтылық осы стратегияның негізгі хабарламасы ретінде пайда болды. Орнықтылық мемлекеттер мен қоғамдардың реформа жасау қабілеті ретінде қабылданады, сол арқылы ішкі және сыртқы дағдарысқа қарсы тұра алады. Орнықтылық жоғарыдан төменге қарай либералды әлемнің институттарын құру дискурсынан төменнен жоғары қарай әлеуетті арттыруды қолдау көзқарасына ауысуды білдіреді [2]. Бұл тұрғыда дайын шешімдерден гөрі тұрақтылық жергілікті ресурстар мен тәжірибені қайта бағыттайды, осылайша ынтымақтастық үшін жаңа негіз қалайды. Мақалада Еуропалық одақтың Орталық Азияға ұсынған жаңа ынтымақтастық үлгісі таныстырылған және оның қабылдануымен еуропалық саясаткерлердің көзқарасы қалай өзгертіндігі және ЕО-ның аймақтағы әрекеттері Ресей мен Қытайдың ұстанымдарымен қалай байланысты болатындығына сараптама жасалған.

Әдістеме

Зерттеудің теориялық негізін халықаралық қатынастар теориясының неолиберализм парадигмасы құрайды. Неолиберализм парадигмасы Еуропалық одақтың құндылықтарға бағытталған көзқарасты дамытуға қатысты талпынысын түсіндіруге мүмкіндік береді. ЕО мен Орталық Азия елдерінің арасындағы қарым-қатынастардың мәні мен рөлін, даму қарқынын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсілді кеңінен пайдаланылды. Деңгейлік-секторлық тәсіл ЕО-ның Орталық Азияға арналған стратегиясында көрсетілген ықпалдастықтың әртүрлі салалардағы дамуын және ерекшелігін кешенді түрде зерттеуге, сондай-ақ, жаңа үрдістерді айқындауға мүмкіндік берді. Факторлық талдау әдісі Еуропалық одақтың, Еуропа елдерінің, аймақтағы аймақтық және жаһандық акторлардың сыртқы саясатын зерттеу үшін қолданылды. Авторлар өз жұмысында жалпы ғылыми және саяси талдау әдістерін, атап айтқанда, ЕО-ның ресми құжаттарын, еуропалық саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздері мен мәлімдемелерін зерделеу үшін сапалы контент-талдау әдістерін қолданды.

Пікірсапан

Еуропалық одақтың сыртқы саясатына арналған академиялық зерттеулерде Еуропалық одақ пен оның саясаты «нормативті күш», яғни әскери құралдарға емес, ең алдымен құндылыққа сүйенетін актор ретінде қарастырылады. Осы тұжырымдаманың негізін қалаушы И.Маннерстің айтуынша, Еуропалық одақтың нормативтік күші идеялар мен пікірлердің көмегімен құрылады және халықаралық қатынастардың басқа қатысушыларының көзқарасында «норма» туралы идеяларды қалыптастыруға қабілетті [3]. И.Маннерс ЕО-ның бүгінде неге осындай күшке айналғанын бірнеше себептермен түсіндіреді. Бірінші себеп ретінде ЕО-ның ерекше тарихи тәжірибесін атайды, атап айтқанда мемлекеттер арасындағы өткен ғасырлардағы соғыстар мен негізінен Еуропа аумағында өрбіген дүниежүзілік соғыстар мұрасы. Екіншіден, бұл ЕО-ның саяси құрылымының ерекше аралас сипаты, яғни одақ органдарының сыртқы саясат саласында өкілеттіктерді шектейтін мемлекетаралық және ұлтүсті қатынастар жүйесі. Дәстүрлі құралдарды пайдаланудағы шектеулер Брюссельді ықпал етудің баламалы құралдарын іздеуге итермеледі. Үшінші себеп ретінде И. Маннерс Еуропалық одақтың саяси-құқықтық табиғатын, яғни барлық негіз құраушы құжаттарда бекітілген нормаларды атайды. Осы шарттардың ерекше сипатына байланысты ЕО мәнін «жоғарыдан» тұжырымдау қажеттігі туындағандықтан, ортақ құндылықтар барлық мүше-мемлекеттерде шоғырланды: ЕО өзгелерге үлгі болу арқылы өзінің нормативтік күшін нығайтуда [4].

Нормативтік күш тұжырымдамасын енгізу кезеңі еуропалық интеграцияның белсенді дамуымен және халықаралық жүйенің тұрақтылығымен байланысты еді. 2000 жылдардың басында ол азаматтық (жұмсақ) күш тұжырымдамасын толықтыра отырып, жүзеге асырылды.

2016 жылғы Жаһандық стратегиясында ЕО орнықтылық тұжырымдамасын ұсынады, онда актордың «жұмсақ» күші ынталандырушы және кеңес беруші рөлінде жүзеге асырылуы қарастырылған [5]. Еуропалық одақтың Жаһандық стратегиясына сәйкес орнықтылықтың артуы қоғамның тұрақтылығына және бейімділігіне ықпал етеді. Стратегия шынымен де орнықтылықты демократиямен байланыстырады: «орнықты қоғамның негізі орнықты мемлекеттің құрамдас бөлігі болып табылатын демократиямен, институттарға деген сеніммен және тұрақты дамумен байланысты» [6]. Орнықтылықтың трансформациялық үдеріс ретінде либералды стратегиямен тығыз байланысты екендігі анық. Осылайша, бұл ЕО-ның құқықтық тәртіп пен заңдылыққа негізделген тиімді басқаруды, демократияландыруды, модернизациялауды, еркін нарықты және т.б. сол сияқты жалпыға ортақ либералды құндылықтар туралы дискурсты жалғастыруда [7]. Сонымен қатар орнықтылық жаңа парадигма ретінде халықаралық қатынастарға анағұрлым прагматикалық көзқараспен қарауды көздейді. Еуропалық одақ құрылымдарының орнықтылық риторикасына жүгінуінің негізгі себептерінің бірі болып Еуропаның өз дәстүрлі құндылықтары аясындағы нормативті-сыртқы саяси платформасы және қазіргі кездегі қауіп-қатерлер сипатының өзгеруіне байланысты маңыздылығы артып келе жатқан күш көрсету ресурстары мен геосаяси факторлар арасындағы теңгерілмді сақтау қажеттілігі атап көрсетіледі. ЕО-ның Жаһандық стратегиясына сәйкес, бұл тек «жан-жақты ілгерілеуді» ғана емес, сонымен қатар еуропалық құндылықтар мен институттарды қорғауды болжайтын «принципиалды прагматизм» ұстанымын білдіреді [8]. Теориялық тұрғыдан алғанда, принципиалды прагматизм — жалпыадамзаттық құндылықтарды ескере отырып, прагматикалық көзқарасты ұстануды білдіреді. Бұндай прагматизм халықаралық қатынастар теориясы түсінігіндегі реализм немесе неореализм теорияларынан шығатын стратегия емес екенін ескеру маңызды. Бұл жалпыадамзаттық құндылықтарға қол жеткізуде реализм компонентін қосуды, басқаша айтқанда, «либералды идеялардың утопиялық құрауышынан бас тартуды немесе «европалық realpolitik» саясатын жүргізуді білдіреді [9]. Мұндай принципиалды прагматизм нормалар мәселесін күштер мен мүдделер алға жылжыған кезде ғана қозғауға болатындығын мойындайды [9].

Жалпы алғанда, орнықтылық пен нормативтік күштің арасындағы айырмашылық аталған интеграциялық бірлестіктің әріптес елдерге өз құндылықтарын шынайылықты ескере отырып, таратуымен айқындалады. Орнықтылық ЕО құндылықтарды кез келген тәсілмен тарату және практикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша мүше-мемлекеттері арасында орын алған қарама-қайшылықты еңсеруге мүмкіндік берді [10]. Кейбір сарапшылардың пікірінше, ЕО-ның орнықтылық стратегиясы арқылы мақсатты түрде серіктестердің трансформациясын өзге жолмен ынталандыруда [11].

Сонымен, либералды нормативтік күштің идеялары және мақсаты оның жаңа көзқарасында толығымен сақталған деуге болады. Жаңа көзқарастың ең маңызды айырмашылығы құндылықтарды тарату әдістерінде жатыр. Осыған байланысты кем дегенде үш аспектіге назар аудару қажет. Біріншіден, осы үдерістің нәтижесі үшін бар жауапкершілікті, оның ішінде өзгерістер ауыртпалығын, сәтсіздіктерді серіктес елдердің өздеріне жүктейді. ЕО өзгерістер бағыты мен ілгерілеушілік жылдамдығына баға береді, яғни тәлімгер әрі әріптес рөлін ғана ойнайды. Екіншіден, ЕО-ның орнықтылықты ынталандыру үдерісі технократиялық сипатқа ие. Бұл ЕО мен басқа халықаралық ұйымдар арасындағы үйлесімді қатынасты күшейтуге бағытталған. Үшіншіден, орнықтылық тұжырымдамасы төменнен жоғары қарай көзқарасты, яғни ынтымақтастықтың негіз құраушы бөлшегі ретінде азаматтық қоғамды қарастырады. Егер бұрын басты назар үкіметаралық диалогқа бөлінсе, енді ЕО құжаттарында мемлекеттермен, қоғамдық институттармен өзара әрекеттестікке бірдей назар аударыла бастады. Шын мәнінде Брюссель серіктес елдердің үкіметтерін демократияландыруға, жауапкершілікке халықаралық диалог арқылы ғана емес, сонымен қатар өз үкіметтерін тәртіпке келтіре алатын неолибералды азаматтарды қолдау арқылы шақыруға тырысуда [12].

2019 жылы Орталық Азияға арналған ЕО-ның жаңа стратегия бұған дәлел бола алады. Бір қарағанда, Еуропалық одақтың Орталық Азияға қатысты жаңа стратегиялық көзқарасы 2007 жылғы стратегиядан айтарлықтай ерекшеленбейтін сияқты көрінуі мүмкін, алайда ЕО-ның қазіргі мүдделері тұрғысынан неғұрлым мұқият талдау айырмашылықтардың маңызды екенін көрсетеді. Бұл құжат ЕО-ның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығару ниетін көрсетеді [13].

Стратегия жан-жақты ынтымақтастықты көздейді. Аймақтағы әрбір елдің даму ерекшелігін ескере отырып, ЕО тұрақтылық, өркендеу және ынтымақтастықты дамыту мақсатында Орталық Азия елдерімен екі және көпжақты ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтылады. Сонымен қатар, ЕО Ауғанстандағы бейбітшілікке жәрдемдесу мақсатында Орталық Азия серіктестерімен ынтымақтастықты жандандыруға ұмтылады.

Жаңа стратегияда аймақтың орнықты және өзара байланысты экономикалық және саяси кеңістік ретінде дербес дамуына бағытталған ынтымақтастықтың мынадай бағыттары көзделген:

- ✓ Орнықтылық үшін серіктестік
- ✓ Өркендеу жолындағы серіктестік
- ✓ Бірлескен жұмысты жақсарту

Стратегияда ауқымды көлемге қарамастан, осы үш бағыт бойынша ынтымақтастықтың нақты нысандары белгіленген.

Орнықтылық үшін серіктестік аясында ЕО Орталық Азия елдерімен бірге әлеуметтік-экономикалық және қауіпсіздік проблемаларын шешуде ынтымақтасу және аймақ елдерінің реформалар жүргізу қабілеттілігін арттыру көзделген. Бұл ретте ЕО демократияны, адам құқықтары мен құқық үстемдігін ілгерілетуге жәрдемдесетін болады, климат жөніндегі Париж міндеттемелерін орындау және аймақтағы экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі ынтымақтастықты жандандыратын болады.

Жеке тармақ шекаралық бақылау, көші-қон және ұтқырлық саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы жалпы проблемаларды шешуге арналған. Реформа мен басқаруды, аралас қауіптерді және су мен қауіпсіздік арасындағы байланысты қоса алғанда қауіпсіздік саласының күн тәртібінде тұрған мәселелер бойынша практикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында ЕО қауіпсіздік және терроризмге қарсы күрес жөніндегі сарапшы лауазымын құрды [14].

Аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің ішінде Ауғанстаннан есірткі трафиінің өсуіне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру көзделді. ЕО киберқауіпсіздік және гибридіті қауіптермен күрес саласында жинаған тәжірибесімен, білімімен бөлісуге дайын.

Стратегия Орталық Азиядағы трансұлттық қатерлердің алдын алу және оған қарсы тұру үшін ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуді жандандыруды көздейді.

Өркендеу жолындағы серіктестік төзімді және ашық инвестициялық ахуал мен бәсекеге қабілетті жеке секторға ықпал етеді. Мұнда жастарға баса назарын аудара отырып, біліктілікті арттыру, зерттеу және инновация саласындағы серіктестіктерді нығайту айқындалған. Құжатта ЕО Орталық Азия елдерінде реформалар мен экономикалық жаңғырту үдерісін жалғастыруға мүдделі жетекші донор және серіктес, жоғары сапалы инвестициялар мен заманауи технологиялар көзі ретінде қарастырылуы мүмкін екендігі атап көрсетілген.

ЕО Орталық Азия экономикалық дамудың және экономиканы әртараптандырудың жаңа үлгілеріне мұқтаж екеніне сенімді. Атап айтқанда, жеке секторды дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту, теңсіздікті азайту және жасыл және қалдықсыз экономикаға көшуді жеделдету басымдықтар ретінде көрсетілген. Осыған байланысты стратегияда бірқатар нақты бастамалар да бар. Осылайша, еуропалық комиссия аймақ елдерінде еуропалық сауда палаталарын құруға үлес қоса отырып, Орталық Азиядағы шағын және орта бизнеске көмек көрсетуді жоспарлап отыр.

Орталық Азия елдері арасындағы аймақтық ынтымақтастықты дамыту — ЕО жаңа стратегиясының тағы бір мақсаты болып табылады. Аймақішілік және аймақаралық сауда мен инвестицияларды дамыту бөлімінде ЕО аймақ елдері арасындағы аймақтық ынтымақтастықты кеңейтуге және олардың әлемдік сауда жүйесіне интеграциялануына ықпалдасатындығын көрсетті. Еуропалық одақ Орталық Азия аймағы елдерінің ықпалдастығы бәсекелестіктен гөрі белгілі бір ережелерге негізделген ынтымақтастықтың туындауына өз мүдделілігін білдіруде. Брюссель аймақ елдері осындай ынтымақтастықтың нысандарын өздері таңдайтынын және ЕО өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, тек бұл үдерістерге қолдау көрсететіндігін атап өтті.

Осы бағыттың бір тармағы — тұрақты байланысты ілгерілету (тұрақты байланысқа жәрдемдесу). Осы саладағы нақты бастамаларға келсек, олардың ішінде энергетика саласындағы екіжақты диалогтарды күшейту, жаңартылатын энергия көздері саласына инвестицияларды тарту атап көрсетілген. Еуропалық бизнес аймақтағы сауда қатынастарын жаңа деңгейге шығару жолында ЕО мен Орталық Азия арасындағы көлік дәліздерінің дамуын ілгерілетуді көздеп отыр. Еуропа үшін Орталық Азияның транзиттік әлеуеті аса маңызды, өйткені болашақта ол оны ірі сауда серіктесі

Қытаймен байланыстыра алады. Ал Орталық Азия елдерінің өздері әлемдік нарыққа шығуын жеңілдететін кез келген жаңа жобаларды ынта-жігермен қабылдауға дайын.

Орталық Азия елдерімен бірлескен жұмысты жетілдіру серіктестік архитектурасын нығайтуды, саяси диалогты күшейтуді және азаматтық қоғамның қатысуы үшін кеңістікті ашуды қамтиды. Бұл ретте ЕО аймақ пен оның азаматтары үшін серіктестіктің артықшылықтарын көрсету үшін «қоғамдық дипломатияны» күшейтеді. Басқаша айтқанда, еуропалықтар Орталық Азия елдерінде ақпараттық науқанды күшейтеді. ЕО мұндай жұмысты әлеуметтік желілер және басқа «жаңа коммуникациялық технологиялар» арқылы жүзеге асыруға ниетті.

Сонымен ЕО аймақтағы өзінің мүмкіндіктерін қайта бағалауда. ЕО-ның аймаққа қатысты стратегиясы Қытай мен Ресейдің көзқарасымен тоғысуда. Бірақ бұл проблемаларды еңсеруге болады. Бұл тұрғыда болса, ЕО «еуропалық стандарттармен» келістірілген, ережеге негізделген және басқа акторлармен өзара әрекеттесуді күшейтедін аймақтық ынтымақтастықтың түрін алға тартуда. ЕО аймақтағы бәсекелестікте өзінің басты артықшылығы саналатын жұмсақ күш құралдарын қолдануға үміттенеді.

Еуропалық одақтың өкілдері ЕО-ның аймақтағы қызметі саяси және геосаяси мақсаттармен айқындалмайтындығын, бәсекелесуші актор болғысы келмейтіндігін, керісінше, аймақ үшін сенімді және адал серіктес болуға ниетті екендігін атап өтеді [15]. ЕО барлық мүдделі мемлекеттермен, оның ішінде Қытай мен Ресеймен, аймақ мемлекеттерінің меншігі мен егемендігін құрметтей отырып, ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдарға шақыруда.

Еуропалықтар өздерінің Орталық Азиядағы мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін мойындағанымен, бұл аймақтағы неғұрлым белсенді еуропалық саясат Ресей, Қытай және АҚШ сияқты аймақтағы негізгі акторлардың арасындағы қатынастарға айтарлықтай геосаяси өзгерістер әкеледі.

Америка Құрама Штаттары, бір жағынан, Еуропамен бәсекелестікке түсе алады, ал екінші жағынан, энергетика саласындағы еуропалық саясатты қолдай отырып, Ресейдің ұстанымдарын әлсіретуі мүмкін және Еуропада американдық жеткізушілер үшін жаңа жол ашады.

Орталық Азиядағы саясаттың негізгі бағыттарын айқындап қойған және экономикалық ықпалдастығын күшейткен Қытай үшін аймақтағы Еуропа секілді тағы бір актордың белсенділігі үлкен қауіп төндірмейді, керісінше, еуропалықтардың аймақтық қауіпсіздікті нығайту және инфрақұрылым мен көлік жолдарын дамыту ниеттері Бейжіңнің сыртқы саяси мақсаттарына сай келеді.

Ресейлік сарапшылардың пікірінше, Орталық Азиядағы Еуропалық саясат Ресейдің энергетикалық нарықтардағы ұстанымдарын әлсіретіп қана қоймай, сонымен бірге Мәскеудің аймақтағы саяси және идеологиялық ықпалын біртіндеп әлсіретуі мүмкін. Ресей Орталық Азиядағы маңызды ойыншы болғанымен, ЕО-ның аймақтағы саясаты қазіргі таңда Қытай саясатымен үйлеседі [16].

Орталық Азия елдері мен ЕО арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін кедергі болатын факторларды атап өткен жөн:

- ЕО пен оның құрылымдарының Орталық Азиядағы түрлі жобалар бойынша шешімдерінің баяу қабылдануы. Сондықтан ЕО-ның Орталық Азия елдеріндегі қазіргі проблемаларға қатысты баяу әрекеті және оның аймақтағы қатысуының «байқалмауы»;

- құрамындағы акторлардың әр түрлілігі ЕО-ның әлсіздігі әрі қуатына жатқызуға болады. Олар жаңа бастамаларды біртұтас актор ретінде алға жылжыта алады. Сонымен қатар, құрамындағы мемлекеттер әртүрлі салаларға жауапты. Бұл оған қосымша туындатуымен бірге маневр жасауға мүмкіндік бар;

- Еуропалық одақ пен Еуропа елдерінің аймақтағы басқа акторлардан артта қалуы. Демек, еуропалық саясат Ресей, Қытай және АҚШ сияқты елдердің икемді саясатымен салыстырғанда әлсіз.

ЕО белсенді түрде әрекет жасау саясатына көшуі керек. Енді бұл шаралар әрдайым нақты жағдайларға ғана бейімделмей, стратегиялық сипатта болуы керек. Сарапшылар Еуропалық одақтың әлемнің басқа жетекші акторлары АҚШ және Қытаймен бірге сауда жасау үшін трансқұрлықтық көлік маршруттарын жетілдіру бойынша бірлесіп жұмыс жасауы қажеттігіне назар аударады. Жаңа трансқұрлықтық жолдар ынтымақтастық пен байланыстарға жаңа серпін беруі керек. Бұған Батыс Еуропа — Батыс Қытай көлік дәлізі жақсы мысал бола алады.

Орталық Азия мен Еуропалық одақ елдері өзара қарым-қатынаста мәдениет пен білім саласында нығайта түсетінін ұмытпаған жөн. Еуропалық одақтың Орталық Азиядағы білім беру бастамалары

Қазақстанды Болон процесінің нормаларына жақындату үшін сәтті жұмыс істейтін бағдарламалар (TEMPUS, Erasmus және т.б.) шеңберінен шығуы керек. Еуропалық комиссия білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы кең ауқымды ынтымақтастықты дамытуға тек стипендиялар мен жеке гранттарды ұсынумен шектелмей, еуропалық университеттердің қатысуын жеңілдетеді алады.

Екі тарап та Ауғанстанның болашақ дамуына жоғары қызығушылық танытуда. Сондықтан ЕО пен Орталық Азия арасындағы кездесулердің және аймақтық диалог бағдарламаларының тиісті форматтарына Ауғанстанды тарту, аймақтық жобаларды қолдау басымдықтардың бірі болып табылады. Осы бағытта WOMCA және CADAP бағдарламалары аясындағы ынтымақтастық кеңейеді деп күтілуде.

ЕО-мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында келесідей ұсыныстар жасауға болады:

– қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны, энергетикалық саланың нормативтік-құқықтық секторын, адам құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдіруде еуропалық тәжірибені пайдалану қажет;

– киберқауіпсіздік саласында еуропалық елдермен ынтымақтастықты жандандыру, қауіпсіз сумен қамтамасыз ету бойынша «ЕО-ның су бастамасы» шеңберіндегі диалогты жалғастыру қажет;

– ЕО өзінің стратегиясын басқа халықаралық акторлармен, атап айтқанда, НАТО және ЕҚЫҰ-мен тығыз үйлестіреді алады.

Қорытынды

Еуропалық одақ өзін Орталық Азияның тұрақты, нормаларды құрметтейтін және өзара байланысқан аймаққа айналуына мүдделі болып отырған сенімді серіктес ретінде көрсеткісі келеді. ЕО-ның жаңа стратегиясы «Орталық Азиямен мықты, заманауи және жан-жақты серіктестік» құруға бағытталған. Жаңа стратегиядағы «орнықтылық», негізінен, дәстүрлі түрде қалыптасқан демократияны, адам құқықтарын, заңның үстемдігін және тиімді басқаруды дамытуға арналған қағидаттарға басымдық берілген.

Еуропалық одақтың Орталық Азияға қатысты жаңа стратегиясының қабылдануы ЕО-ның Орталық Азиядағы болмысын арттыруға тырысып жатқандығын көрсетеді. Нормалар мен құндылықтарды қайтадан алға тартумен қатар, ЕО-ның өзінің Орталық Азиядағы негізгі саяси, экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін нақты шараларды ұсына отырып алға жылжыту ниетін білдіруде.

ЕО-ның Орталық Азияға арналған стратегиясында қауіпсіздік пен тұрақтылыққа басымдық берілген. ЕО осы соңғы мақсатқа қол жеткізуде Орталық Азияның демократиялық және экономикалық тұрғыдан дамуымен байланыстырады. Бұл демократия, адам құқықтары мен заңдылықты ұзақ мерзімді тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткізудің басты құрамдас бөлігі ретінде қарастырады және бұл ЕО-ның сыртқы саясатының нормативтік сипаты сабақтастығының дәлелі. Демек, ЕО білім беру мен жастарды қолдау саясатына инвестиция салу, аймақтық ынтымақтастық және экономикалық модернизация сияқты салаларда өзінің жағымды жақтарын нығайтатын болады деген сөз.

Қазақстан Еуропалық одақтың аймаққа деген қызығушылығының артуын ескере отырып, өзінің қуатты әріптесіне бағытталған ықпал етудің түрлі құралдары мен әдістерін пайдалануы тиіс. Еуропа елдерінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды сақтау және қорғау бойынша айтарлықтай тәжірибе жинақталған. ЕО-мен ынтымақтастықты тереңдеті отырып, Қазақстан адам құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерінің үлгілерін зерттей алады, оларды өзінің құқықтық ортасына енгізе алады. Еуропа елдерімен технологиялық ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан көлік коммуникациялары, энергетика, қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау салаларында, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерінде еуропалық озық технологияларды пайдалануда ынтымақтастық мәселелерін талқылауға бастамашылық ете алады. Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдері үшін жанартылатын энергия көздерінің еуропалық тәжірибесін зерделеу маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер

1 The EU and Central Asia: Strategy for New Partnership. Council of the European Union, Brussels, 31 May 2007. Retrieved from https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/st_10113_2007_init_en.pdf.

2 Chandler D. International statebuilding and the ideology of resilience // Politics. — 2013. — 33 (4). — P. 276–286.

- 3 Manners, I. The Normative Ethics of the European Union / I. Manners // International Affairs. — 2008. № 84 (1). — P. 45.
- 4 Manners, I. Normative Power Europe: A Response to Thomas Diez / I. Manners // Millennium — Journal of International Studies. — 2006. № 35. — P. 178.
- 5 Jonathan J. Varieties of Resilience: Studies in Governmentality. Cambridge: Cambridge University Press, 2018. — P. 135.
- 6 Schmidt J. Intuitively neoliberal? Towards a critical understanding of resilience governance // European journal of international relations. — 2015. — 21 (2). — P. 416.
- 7 Joseph J. Governing through Failure and Denial: The New Resilience Agenda // Millennium. Journal of International Studies. 2016. Vol. 44. No. 3. P. 370–390.
- 8 A Global Strategy for the European Union's Foreign And Security Policy. Shared Vision, Common Action: A Stronger Europe. June, 2016. Retrieved from https://eeas.europa.eu/archives/docs/top_stories/pdf/eugs_review_web.pdf.
- 9 Biscop S. The EU global strategy: realpolitik with European characteristics // Security policy brief. — 2016. — no. 75, June. Brussels: Egmont — The Royal Institute for International Relations. — P.1–2.
- 10 Snyder J., Vinjamuri L. Principled pragmatism and the logic of consequences // International Theory. 2012. Vol. 4. No. 3. P. 438.
- 11 Павлова Е. Нормативная сила: теория и современная практика России и ЕС / Е. Павлова, Т. Романова // Полис. — 2017. — № 1. — С. 162–176.
- 12 Juncos A.E. Resilience as the new EU foreign policy paradigm: a pragmatist turn? // European Security. 2016. Vol. 26. No. 1. P. 13.
- 13 Joseph J. Resilience as embedded neoliberalism: a governmentality approach // Resilience. 2013. Vol.1.No. 1. P. 47.
- 14 Joint Communication to the European Parliament and the Council the EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership. Brussels, 15.5.2019 Join (2019) 9 final. Retrieved from https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communication_the_eu_and_central_asia_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf.
- 15 ЕС собирается усилить свое присутствие в ЦА, чтобы содействовать борьбе с вызовами, которые стоят перед регионом [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://kursiv.kz/news/politika/2019-12/es-sobiraetsya-usilit-svoe-prisutstvie-v-centralnoj-azii>.
- 16 Сидоров И. Стратегия ЕС в Центральной Азии — 2019: цели, задачи и перспективы / И. Сидоров. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://vpoanalytics.com/2017/07/26/strategiya-es-v-tsentralnoj-azii-2019-tseli-zadachi-i-perspektivy/>.

А.Б. Кузембаева, Б.М. Балаубаева, М. Абдуали

Новая стратегия Европейского союза для Центральной Азии: от нормативной силы к стрессоустойчивости

Новая стратегия придает особое значение содействию стабильности, процветанию и региональному сотрудничеству. Стрессоустойчивость стала ключевым посылом этой стратегии. Она определяется как способность государств и обществ реформироваться, а также противостоять внутренним и внешним кризисам. Стрессоустойчивость означает переход от дискурса построения либеральных институтов «сверху вниз» к поддержке наращивания потенциала «снизу вверх». Вместо готовых решений предложено перенаправить в нужное русло местные ресурсы и опыт, тем самым закладывая новую основу для сотрудничества. В статье представлена новая модель сотрудничества, предложенная Европейским союзом для Центральной Азии. Принятие новой Стратегии ЕС для Центральной Азии показывает, что ЕС пытается усилить свое присутствие в Центральной Азии. Помимо активной артикуляции ценностей и норм, ЕС намеревается продвигать свои основные политические, экономические интересы и интересы в области безопасности в Центральной Азии, предлагая конкретные меры. ЕС связывает достижение этой конечной цели с демократическим и экономическим развитием Центральной Азии. Демократия, права человека и верховенство закона рассмотрены как ключевые компоненты в достижении долгосрочной стабильности и безопасности, что свидетельствует о преемственности нормативного характера внешней политики ЕС.

Ключевые слова: Центральная Азия, Европейский союз, стрессоустойчивость, нормативная сила, стратегия, демократия.

A.B. Kuzembayeva, B.M. Balaubayeva, M. Abduali

New European Union Strategy for Central Asia: from normative power to resilience

The new strategy emphasizes the promotion of stability, prosperity and regional cooperation. Resilience has become a key message in this strategy. It is defined as the ability of states and societies to reform, the ability to withstand internal and external crises. Resilience means switching from a top-down discourse of building liberal institutions to supporting bottom-up capacity building measures. Instead of ready-made solutions, it is

proposed to redirect local resources and expertise in the right direction, thereby laying a new basis for cooperation. This article presents a new cooperation model proposed by the European Union for Central Asia. The adoption of the new EU Strategy for Central Asia shows that the EU is trying to strengthen its presence in Central Asia. In addition to active articulation of value-based norms, the EU intends to advance its main political, economic and security interests in Central Asia by proposing concrete measures. The EU links the achievement of this ultimate goal with the democratic and economic development of Central Asia. Democracy, human rights and the rule of law are seen as key components in achieving long-term stability and security, which testifies to the continuity of the normative nature of EU foreign policy.

Keywords: Central Asia, European Union, stress resistance, normative force, strategy, democracy.

References

- 1 The EU and Central Asia: Strategy for New Partnership. Council of the European Union, Brussels, 31 May 2007. Retrieved from https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/st_10113_2007_init_en.pdf.
- 2 Chandler D. International statebuilding and the ideology of resilience // *Politics*. — 2013. — 33 (4). — P. 276–286.
- 3 Manners, I. The Normative Ethics of the European Union / I. Manners // *International Affairs*. — 2008. № 84 (1). — P. 45.
- 4 Manners, I. Normative Power Europe: A Response to Thomas Diez / I. Manners // *Millennium — Journal of International Studies*. — 2006. № 35. — P. 178.
- 5 Jonathan J. Varieties of Resilience: Studies in Governmentality. Cambridge: Cambridge University Press, 2018. — P. 135.
- 6 Schmidt J. Intuitively neoliberal? Towards a critical understanding of resilience governance // *European journal of international relations*. — 2015. — 21 (2). — P. 416.
- 7 Joseph J. Governing through Failure and Denial: The New Resilience Agenda // *Millennium. Journal of International Studies*. 2016. Vol. 44. No. 3. P. 370–390.
- 8 A Global Strategy for the European Union's Foreign And Security Policy. Shared Vision, Common Action: A Stronger Europe. June, 2016. Retrieved from https://eeas.europa.eu/archives/docs/top_stories/pdf/eugs_review_web.pdf.
- 9 Biscop S. The EU global strategy: realpolitik with European characteristics // *Security policy brief*. — 2016. — no. 75, June. Brussels: Egmont — The Royal Institute for International Relations. — P.1–2.
- 10 Snyder J., Vinjamuri L. Principled pragmatism and the logic of consequences // *International Theory*. 2012. Vol. 4. No. 3. P. 438.
- 11 Pavlova, E., & Romanova, T. (2017). Normativnaia sila: teoriia i sovremennaia praktika Rossii i ES [Normative Power: Theory and Contemporary Practice of Russia and the EU]. *Polis — Policy*, 1, 162–176 [in Russian].
- 12 Juncos A.E. Resilience as the new EU foreign policy paradigm: a pragmatist turn? // *European Security*. 2016. Vol. 26. No. 1. P. 13.
- 13 Joseph J. Resilience as embedded neoliberalism: a governmentality approach // *Resilience*. 2013. Vol.1.No. 1. P. 47.
- 14 Joint Communication to the European Parliament and the Council the EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership. Brussels, 15.5.2019 Join (2019) 9 final. Retrieved from https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communication_the_eu_and_central_asia_-_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf.
- 15 ES sobiraetsia usilit svoe prisutstvie v TsA, chtoby sodeistvovat borbe s vyzovami, kotorye stoiat pered regionom [The EU is going to strengthen its presence in Central Asia to help combat the challenges facing the region]. Retrieved from <https://kursiv.kz/news/politika/2019-12/es-sobiraetsya-usilit-svoe-prisutstvie-v-centralnoy-azii> [in Russian].
- 16 Sidorov, I. Strategii ES v Tsentralnoi Azii — 2019: tseli, zadachi i perspektivy [EU Strategy for Central Asia 2019: Goals, Objectives and Prospects]. Retrieved from <https://vpoanalytics.com/2017/07/26/strategiya-es-v-tsentralnoj-azii-2019-tseli-zadachi-i-perspektivy/> [in Russian].

К.Н. Мақашева*, А.Д. Назикбаева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: a.nazikbayeva@yandex.kz, m.klara@mail.ru)*

Қазақстан мен Тәжікстанның сыртқы саясат концепцияларына салыстырмалы шолу

